

"Нефтяник" санаторий-профилакторийін Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 904 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазмұнайгаз" барлау өндіру акционерлік қоғамының теңгеріміндегі Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, 1-шағын аудан, Спортивная көшесі, 61 мекен-жайы бойынша орналасқан "Нефтяник" санаторий-профилакторийін республикалық меншіктен Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы Маңғыстау облысы әкімінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Нефтяник" санаторий-профилакторийін Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі